

# ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

## ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫНДАР (ҒЫЛЫМИ- ПРАКТИКАЛЫҚ) ОРТАЛЫҒЫНЫҢ РЕГЛАМЕНТІ

### БІРІНШІ БӨЛІМ

#### Жалпы ережелер, қолдану аясы, негіздемесі және қысқартылған сөздер

##### Жалпы ережелер

**1-бап** (1) Түркі халықтарының зияткерлік ойындар (ғылыми-практикалық) орталығы университет ректоры және тиісті басшылық бұйрығы арқылы жұмыс жүргізеді.

(2) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мекеменің Түркі халықтарының зияткерлік ойындар (ғылыми-практикалық) орталығы Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б. Саттарханов даңғылы, №29 мекен-жайы бойынша орналасқан «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекен-жайында құрылған.

(3) Түркі халықтарының зияткерлік ойындар (ғылыми-практикалық) орталығы университетке қарасты құрылым болып табылады.

##### Қолдану аясы:

**2-бап** (1) Бұл регламент; Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркі халықтарының зияткерлік ойындар (ғылыми-практикалық) орталығының мақсатын, қызметтерін, тәртібі мен негіздерін қамтиды.

##### Негіздемесі:

**3-бап** (1) Бұл регламент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жарғысына сәйкес дайындалған.

##### Қысқартылған сөздер

**4-бап** Қолданылған қысқартылған сөздер төмендегідей:

- a) Орталық: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркі халықтарының зияткерлік ойындар (ғылыми-практикалық) орталығы;
- b) Орталық басшысы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркі халықтарының зияткерлік ойындар (ғылыми-практикалық) орталығының басшысы;
- c) Ректор: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры;
- d) Ректор өкілі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректорының бірінші орынбасары;
- e) Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

### ЕКІНШІ БӨЛІМ

#### Орталықтың мақсаттары мен қызметтері

##### Орталықтың мақсаты:

**5-бап** (1) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркі халықтарының зияткерлік ойындар (ғылыми-практикалық) орталығының мақсаты Түркілік зияткерлік ойындардың классификациясы мен библиографиясын жасап, олардың тиімді үлгілерін білім беру жүйесінде пайдалану арқылы әлеуметтік-мәдени саладағы болашақ маманның кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту болып табылады.

##### Орталықтың қызметтері

**6-бап** Орталықтың қызметтері төмендегідей:

1. Түркі халықтарының зияткерлік ойындарын жинақтап, жүйелеп, классификациясы мен библиографиясын жасау;
2. Түркі халықтарының зияткерлік ойындарына арналған монография, оқу-әдістемелік құралдар шығару және әлем тілдеріне аудару;
3. Семинарлар, конференциялар, дөңгелек столдар өткізу;
4. Түркі дүниесі студенттері арасында Халықаралық және республикалық жарыстар, фестивальдер өткізу;
5. Түркі халықтарының зияткерлік ойындар федерацияларымен келісімдер жасау және ұлттық спорттың бұқаралық сипатын арттыру;
6. Түркі дүниесі елдерінің жоғары оқу орындарымен зияткерлік ойындар саласында әріптестік орнату, студенттер арасында достық-мәдени байланыстарды нығайту;
7. Түркі дүниесі жастарына түркілік зияткерлік ойындарды үйрету, болашақ маманның кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту;
8. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің имиджін арттыру, түркі дүниесі елдеріндегі жоғарғы оқу орындарыарасында зияткерлік ойындар саласында көшбасшы болу.

## ҮШІНШІ БӨЛІМ

### Орталық құрылымы мен қызметтері:

#### Орталықтың құрылымы

##### 7-бап Орталықтың құрылымы төмендегідей:

- а) Басшы;
- б) Ұйымдастырушы маманы;
- с) Хатшы.

#### Орталық басшысы

**8-бап (1)** Ректор және ректор өкілі шешімімен үш жылға тағайындалады. Жұмыс мерзімі аяқталған орталық басшысы, қайтадан қызметке тағайындалу құқығына ие.

#### Орталық басшысы қызметтері

##### 9-бап (1) Орталық басшысының қызметтері төмендегідей:

- а) Отандық және халықаралық зияткерлік құрылымдар және практикалық орталықтармен ынтымақтастық қатынастарын орнату арқылы орталықтың мақсатына сай жобаларды дайындауды қамтамасыз ету;
- б) Отандық және халықаралық зияткерлік орталықтармен ынтымақтастық негіздері мен бағыттарын белгілеу;
- с) Жылдық жұмыс бағдарламасын бекіту және есебін дайындап университет Сенатына ұсыну.
- д) Орталық мақсатына сәйкес берілген басқа да міндеттерді орындау.
- е) Жыл сайын атқарылған жұмыстар жөнінде университет Сенатына есеп беру.

#### Орталықтың ұйымдастырушы маманының қызметтері

##### 10-бап (1) Орталықтың ұйымдастырушы маманының қызметтері төмендегідей:

- а) Жарыстар ұйымдастыру;
- б) Әдістемелік нұсқаулар дайындау;
- с) Конференция, семинарлар өткізу.

#### Орталық хатшысының қызметтері

##### 11-бап (1) Орталық хатшысының қызметтері төмендегідей:

- а) Орталықтың әкімшілік және қаржы жұмыстарын жүргізу;
- б) Орталықтың іс-құжаттарына жауапты болу;
- с) Орталықтың материалды жабдықтарына жауапты болу.

#### Орталық құрылымы

**12-бап (1)** Орталық штаты төмендегідей: басшы – 1 штат, ұйымдастырушы маман – 1 штат, хатшы – 1 штат. Университет бюджеті есебінен еңбек жалақысы есептеледі.

**ТӨРТІНШІ БӨЛІМ**  
**Соңғы және басқа да ережелер**

**Қаржылық ережелер**

**13-бап (1)** Орталықтың бюджеті университет бюджетінен бөлінген қаржыдан және құқықтық шеңберіндегі басқа да қаржы көздерінен құралады.

(2) Орталықтың жылдық бюджетін орталық басшы тарапынан дайындалады және университет ректоры және ректор өкілі тарапынан бекітіледі.

(3) Орталық қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жол шығындары және тәулік төлемдер төленеді.

**Өзге де регламенттер**

**14-бап (1)** Осы регламентте қарастырылмаған мәселелер бойынша университет ережелері негізге алынады.

**Күшіне ену**

**15-бап (1)** Бұл регламент орталықтың тіркеу жұмыстары аяқталғаннан кейін өз күшіне енеді.

**Жүзеге асыру**

**16-бап (1)** Бұл регламент университет ректоры және ректор өкілі тарапынан жүзеге асырылады.

Регламент қабылданған Өкілетті Кеңес мәжілісі		
Күні: 03.12.2022 ж.	Мәжіліс №73	Шешім 14.6